

Алғашқы қоңырау 1 - қыркүйек – Білім күніне арналған салтанатты жиын


АНЫҚТАМА

02 ҚЫРКҮЙЕК 2023Ж

Мақсаты: Білім күні үлкен мереке екенін балаларға жеткізе білу, сезіну білімге деген құштарлығын арттыру, еліміздің білімді, тәрбиелі азаматын елжандылыққа тәрбиелеу.

Қатысушылар: 1-11 сынып оқушылары, мектеп ұжымы, арнайы шақырылған қонақтар.

1-қыркүйек Білім күніне арналған «Мектеп–мейірім мекені» тақырыбында іс – шара өткізілді. Іс-шара барысында саптық жиын әнұранмен басталып, 1-сынып бүлдіршіндерін мектеп табалдырығына қабылдау рәсімі өткізіліп, мектеп директоры Куспанов Е және аудан әкімшілігінен келген құрметті қонақ Төлеу М сөз сөйледі. Сонымен қатар ата-аналар оқушыларды жаңа оқу жылның басталуымен құттықтап, алдағы оқу жылына сәттілік тіледі. Іс-шарадан соң әр сыныпта сынып жетекшілерімен тәрбие сағаттары өткізілді.



«Ас адамның арқауы» (тәрбие сағаты)

Мақсаты: Адамның өміріндегі астың маңызды рөлін түсіндіру, дұрыс тамақтану. Тамақтанудың денсаулық үшін пайдасын түсіндіру. Оқушылардың білімін, ой – өрістерін, тілдерін, ойлау, танымдық қабілеттерін дамыту. Денсаулық сақтауға, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу. Балалар дұрыс тамақтанбасақ оның денсаулыққа кері әсер етеді.

Тамақтанғанда да ол тамақтың таза жасалғанына оның мерзімінен асып кетпегеніне аса мән беру керек. Және де тамақтанған кезде асықпай отырып, көп шайнап, сонан соң жұту керек. Тамақты тез, асығып жүріп жесең тез тойып қаласың, және де бұл ашқарақтыққа, қомағайлыққа қалыптастырады. Сол себепті тамақ теледидар алдында отырып жеген жөн.



https://www.instagram.com/p/Cz_VuAKoBs-/?igsh=aTJidzRvc3BuYWcw

**В.И. Пацаев атындағы №2 Алға орта мектебінің АҚТБ және ЖҚТБ
ауруларының алдын – алу мақсаты бойынша жүргізілген жұмыстарына
МӘЛІМЕТ**

В.И. Пацаев атындағы №2 Алға орта мектебінің АҚТБ және ЖҚТБ ауруларының алдын алу мақсаты бойынша жүргізілген жұмыстарына 2023 жылдың қараша айында осы аталған мектепте айлыққа жоспар құрылып, сол жоспар бойынша мектебіміздің медбикесі Г.Б.Машанова ұйымдастыруымен іс-шаралар өткізілді.

«АҚТБ және ЖҚТБ ауруының алдын алу» тақырыбында стенд жасақталып, жас ұлан ұйымының денсаулық министрі мен мектеп медбикесі сыныптарды аралап хабарландыру жасады.

Медбике **АҚТБ** және **ЖҚТБ** жұғу және сақтану жолдарын айтып түсіндірді. Ол аурудың өз бетінше емделмейтіні және уақтылы ауруханаға барып ем алу дұрыстығы айтылды. Хабарламаны тыңдағаннан кейін, оқушылар сұрақтар қойып, қойған сұрақтарына тиісті жауаптарын алды.

Онда АҚТБ қалай жұғады, ол қандай ауру, ауру неге байланысты, алдын алу үшін не қажет, ол аурудан өз бетінше емделмеуге болмайтындығы айтылды.

Хабарламаны тыңдағаннан кейін, оқушылар сұрақтар қойып, тиісті жауаптарын алды.



«Денсаулық күні» (спорттық сайыс)

Мақсаты: Мақсаты: Салауатты өмір салтын сақтау, оқушылардың өнер мен денсаулық туралы түсінік беру. Денсаулықтың негізі қимыл, спорт, дұрыс тамақтану, таза ауада жүру екенін балаларға ұғындыру. Денсаулықтың негізі қимыл, спорт, дұрыс тамақтану, таза ауада жүру екенін балаларға ұғындыру. Өзін-өзі күте білуге, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу, әдемілікті, сұлулықты сезіне білуге баулу.



<https://www.instagram.com/p/Cyq9i5xLyaL/?igsh=MWt5OXR5dml1czJueg%3D%3D>

"Еңбек ерлікке бастайды" тақырыбында сынып сағаты

АНЫҚТАМА

26 Қыркүйек 2023Ж

Мақсаты: Оқушылардың өзін - өзі анықтай алуына, алдына қойған мақсатына психологиялық жағынан көмек беру, жас жеткіншектердің болашақта тұлғалық дамуына жол ашудағы жолдарымен таныстыру. Ғұламалар: «Адам баласының бойындағы дарындылық тек бір ғана пайызды. Ал қалғаны оның тәрбиесі мен өзінің өсіп жетілгеніне байланысты» дейді. Бұған қарағанда, адам бойындағы дарындылық қасиет барлық адамда болса керек. Көп жағдайда ол адамның өз қолында секілді. Осындай өздерінің бойына табиғат берген талантын шыңдап жүрген оқушылардың өзіндік ойын тыңдап, пікір алмасты.



https://www.instagram.com/reel/CxpF2Ceo_ln/?igshid=MTc4MmM1Yml2Ng%3D%3D

«Қант ауруларының белгілері» (дөңгелек үстел)

Мақсаты: Қант диабетін тудыратын факторлар:

Диета мен өмір салты қант диабетінің алдын алудың маңызды бөлігі болып табылады.

Тағы бір фактор - «Acanthosis Nigricans» - мойынның артқы жағындағы кара сызықтар. Жүрекке айналма операциядан өткен жүрек науқастарының шамамен 50 пайызы қант диабетімен ауырады. Ол қант диабеті мен жүрек ауруы арасындағы өлімге әкелетін байланысты көрсетеді.

Бұл адамдардың неліктен салауатты, теңдестірілген диетаны ұстанатынын және үнемі кім жүретінін түсіндіреді жаттығу қант диабетінен оңай құтылуға болады.

Қант диабеті бойынша мамандар Narayana Health емделушілерге тәттілерден және құрамында қант көп тағамдардан бас тартуға кеңес беріңіз. Ақ қант - бұл қантпен қапталған улан!




<https://www.instagram.com/p/Cyq9i5xLyaL/?igsh=MWt5OXR5dml1czJueg%3D%3D>

«Қызылша ауруының алдын алу»

Қызылша - бұл өте кең түрде таралған инфекциялық ауру. Көбінесе балаларда кездеседі. Оның белгілері дене қызуының көтерілуі мұрынның, көздің және тамақтың шырышты қабығы қабынып, теріде бөртпелер пайда болады. Қызылша – қазіргі таңда ең жұқпалы аурудың бірі болып табылады. Бұл 100 пайыз жұқпалы ауру, яғни бұрын қызылшамен ауырмаған немесе егілмеген адам қызылшамен ауырған адаммен байланысқа түссе, жұқтыру қауіпі туындайды.

Жұқпалы індеттің алдын алу мақсатында ағымдағы жылдың қыркүйек айында жоғары сынып оқушыларына мектеп медбикесі түсіндіру жұмыстарын жүргізді.



https://www.instagram.com/p/CxckZkhokTN/?igshid=MTc4MmM1Yml2Ng%3D%3D&img_in dex=3

Өмірінді сақтау қолында, жол тәртібін орында (тәрбие сағаты)

Мақсаты: Оқушылардың жол-көлік жарақаттануының алдын алу жұмыстарын жандандырып, олардың жол қауіпсіздігі ережелерін насихаттауға деген қызығушылықтарын арттыру.

Міндеттері:

- балалар жол-көлік жарақаттануының алдын алу;
- жас инспекторлар жасағының қызметін белсендіру;
- жолда жүру ережесін мемлекеттік автоинспектордың түсіндіруін қамтамасыз ету;
- жасақ мүшелерінің білімін арттыру;
- танымдық көзқарастарын дамыту.



<https://www.instagram.com/p/C0JnchGo07N/?igsh=NzZnaHAzcZdzbGsw>

Шылым, ішімдіктен сақ болыңдар!

Мақсаты: Зиянды әдеттерге сақ болуға, өз өмірлерін қорғай білуге баулу. Жас желектей өсіп келе жатқан жас жеткіншектеріміздің санасына ішімдік, темекі, нашаның адам баласын аздыратынын, одан аулақ болу жақтарын мысалдармен дәлелдеп түсіндіру. Оқушылардың салауатты өмір туралы ұғымдары кеңейту. Шығармашылық ойлау қабілетін, сөйлеу шеберліктерін, оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту және тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу мақсатында 2023 жылдың 25 қыркүйек күні «Шылым, ішімдіктен сақ болыңдар!» тақырыбында 1-8 сынып оқушыларына тәрбие сағаттары өткізілді.



https://www.instagram.com/p/CyLW31ZIpNJ/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng%3D%3D&img_index=3

«Бақыт» психологиялық тренинг АНЫҚТАМА

09 қараша 2023 жыл

Мақсаты: Бақыттың құндылық ретіндегі мағынасы туралы түсінік беру. Оқушыларға адам өміріндегі қуанышты сәттерінен, істеген игі істерден рақаттану, барды қанағат тұту және жалпы адам бақыты туралы түсінік бере отырып рухани адамгершілік қағидаларды өз бақыты үшін дұрыс қолдана білуге, өмірдің әр сәтін бағалай алуға тәрбиелеу..

Екі оқушы шығып, екеуі де көзін жұмады. Қолдарын алдыға созады. Мен 1,2,3 деп шапалақ ұрғанда II топ болып жиналып қалуымыз керек.

«Бақыт сыйла» атты тренингімізді бастамас бұрын барлық жаманшылықтарды, қайғы-мұңды, күнделікті өмірде кездесетін мәселелерімізді, бір-бірімізге деген ренішімізді ұмыту үшін бір сәтке ұмыта тұрып, Мұқағали Мақатаевтың «Бақыт» туралы өлеңін естіп жіберейік.

Балаларға арналған тапсырма. Алдарыңызға ұсынылған ойды жалғастырып, өз пікірлеріңізді білдірсеңіздер:

Сіздің жеке пікіріңіз...

Бақытты отбасы, ол —Сәби бақыты,ол —Ата-ана бақыты,ол-Ұстаз бақыты,ол-....Ұлт бақыты,ол-....Қоғам бақыты,ол-....

Бақытқа жету үшін адам не істеу керек?

«Бәрі сенің қолыңда» видеоролик тамашалау



https://www.instagram.com/p/CyOlbw5o9Rb/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng%3D%3D&img_index=3

«Есірткі адамға қаншалықты зиян!» (бине ролик көрсету)

01 желтоқсан 2023 жылы

Мақсаты: жасөспірімдерді салауатты өмір салтының дағдыларына баулып, денсаулығына, адамгершілік қасиетіне, психологиялық тұрғыдан жүйке жүйесіне кері әсерін тигізетін зиянды заттарды қолданудың алдын алуы бойынша іс-шаралар арқылы ұйымдастыру.

Міндеттері:

- Салауатты өмір салтын насихаттауды жетілдіру
- Салауатты өмір салтының үлгілік - өнегелік тұрғыдағы мәнін түсіндіру.
- Зиянды әдеттерді қолданудың, пайдаланудың (шылым, арақ, есірткі) алдын алу жолдарын жетілдіру.
- Жасөспірімдерге есірткі, темекі, алкагольдің денсаулығына өлшеусіз зиян, орны толмас өкініші туғызатын түсіндіру.
- Күйзелісті жағдайларда адамның ақылға жүгінуінің, өзін-өзі сабырға шақыруының маңызын ұғындыру..



https://www.instagram.com/p/CyLMoFNo-n6/?igsh=NGNtcnd0ODZreG1r&img_index=2

«Есірткі және есірткіқұрмалық деген не?» (дәріс)

10 қазан 2023 жыл

МАҚСАТЫ: Есірткі заттарының, ішімдік ішу мен темекі тартудың жас ағзаға тигізер зиянды әсері, өкінішке ұрындырар, келешек өмірлеріне келтірер кесепаты турғы түсінік беру. Зиянды әдеттерден аулақ болып, өзінде, өзгені де зиянды әдеттердің қасіретінен қорғай білуге, салауатты өмір сүре білуге ат салысуға тәрбиелеу. Осы жаман әдеттердің зиянын білімділікпен түсініп, өз беттерінше қорытындылай білуге, олардан сақтану жолдарын дұрыс таңдап, салауатты өмір құрудың маңызын түсіне білуге бағыттау

Есірткілер немен қауіпті?

Есірткілерді тұтыну психикалық және тәндік тәуелділікке, адам тұлғасының кейде азғындалуға дейін өзгеруіне, денсаулығының нашарлауына (ауруларға және асқынуларға) әкеліп соғады және өміріне қауіп төндіреді.

Есірткі тұтынатын жасөспірімдер мен жастар өздерін қоғамға және Заңға қарсы қояды, олардың болашағы жоқ. Нашақорлыққа шалдыққан науқас өмірінің орташа ұзақтығы 2-3 жыл.

Нашақорлық қоғам дерті. Нашақорлықпен күресуге жалғыз адамның шамасы келмейді. Бұл жерде заң сақшылары нарколог мамандар, ата-аналар және сіздер мен біздер әрбір Қазақстан азаматы шетте қалмау керек. Ғасыр дертімен күресу керек. Дүниедегі ең қымбат нәрсе ол сенің өмірің. Сенің өмірің ол өз қолыңда.



https://www.instagram.com/p/Czwj_L0rlCp/?igsh=cTZweGU0cnFkdHQz&img_index=3

**«Есірткі және есірткіқұрмалық деген не?»
(Кездесу)
АНЫҚТАМА**

20 қараша 2023 жыл

«Есірткісіз қоғам құру – Қазақстанның әрбір азаматының алдындағы міндет. Есірткінің, оның ішінде синтетикалық есірткінің таралуы болашақ ұрпақтың әл-ауқатына қауіп төндіретіні бәріңізге белгілі. Есірткіге қатысты проблемалар және есірткіні қолданудың алдын алу. оқушылар арасында есірткіге қатысты проблемалар жайлы ақпараттандыру деңгейін жоғарылату, психоактивтік заттарды қолдануға қарсы дағдыларды дамыту мақсатында аудандық салауатты өмір салтын насихаттау бөлімінің маманы, аудандық Ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторы, жастар ресурстық орталығының маманы, аудандық спорт бөлімінің маманы, жаттықтырушы нашақорлықтың зардабы мен адам өміріне залалы туралы жинақтаған ақпаратымен бөлісті. Арнайы бейнебаян мен жинақтаған материалдарымен бөліскен, көкейдегі сұрақтарға жауап табылған басқосу болды.



https://www.instagram.com/p/CyOlbw5o9Rb/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng%3D%3D&img_index=3

Шылым, ішімдіктен сақ болыңдар! (тәрбие сағаты)

Мақсаты: Зиянды әдеттерге сақ болуға, өз өмірлерін қорғай білуге баулу. Жас желектей өсіп келе жатқан жас жеткіншектеріміздің санасына ішімдік, темекі, нашаның адам баласын аздыратынын, одан аулақ болу жақтарын мысалдармен дәлелдеп түсіндіру. Оқушылардың салауатты өмір туралы ұғымдары кеңейту. Шығармашылық ойлау қабілетін, сөйлеу шеберліктерін, оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту және тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу мақсатында 2023 жылдың 25 қыркүйек күні «Шылым, ішімдіктен сақ болыңдар!» тақырыбында 1-8 сынып оқушыларына тәрбие сағаттары өткізілді.



https://www.instagram.com/p/CyLW31ZIpNJ/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng%3D%3D&img_in dex=3

"Жемқорлыққа жол жоқ!" суреттер байқауы

Жас ұрпақ арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті насихаттау, адалдыққа, әділдікке тәрбиелеу мақсатында 2023жылы 18 қыркүйек күні "Жемқорлыққа жол жоқ !" тақырыбында сурет байқауы өткізілді. Байқау барысында білім алушылар жемқорлық елдің ұлттық мүдделеріне, экономикалық қауіпсіздігіне нақты қауіп төндіретінін сурет арқылы түсіндіре білді. Нәтижесінде «үздік» деп танылған білім алушылардың жұмысы көрмеге қойылып, марапатталды.

Сурет байқауына 35 оқушы қатысып

Бастауыш класс :

1 орын 4"Б" сынып оқушысы Насиров Қ

2 орын 4 "Б" сынып оқушысы Пронзаев А

3 орын 4 "Б" сынып оқушысы Құбатаева А

Орта буыннан 5-9 кл арасынан

1 орын 9 "А" сынып оқушысы Серік Асылжан

2 орын 8 "Ә" сынып оқушысы Қыдырбекқызы А

6 "А" сынып оқушысы Таңатарова А

3 орын 5 "В" сынып оқушысы Карабинович Е

7 "А" сынып оқушысы Нұрболатқызы А иеленді.



<https://www.instagram.com/reel/CxVNJqDoCsc/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng%3D%3D>

Анықтама

Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында 2023 жылдың қыркүйек айында мектеп ұстаздары мен ПБ қызметкерлерімен бірлесе кешкі және түнгі уақытта «Түнгі қаладағы балалар» атты рейдтік шаралар ұйымдастырылды. Шараның негізгі мақсаты – жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу және жолын кесу, балалар және жасөспірімдердің заңды өкілдерінсіз түнгі уақытта тұрғын үйден тыс орындарда болу фактілерін анықтау, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру.

Түнгі рейд жұмыстары кезінде мектепшілік есепте тұрған оқушылардың отбасына араланып, оқушылардың бос уақыты қадағаланды. Түнгі «Алтын орда», «Кездесу», «Кредо», «Жібек жолы» сияқты түнгі кафелер араланып, тиісті ақпарат анықталды.

Рейд жүргізу барысында ешқандай кәмелетке толмаған мектеп оқушылары анықталаған жоқ және тәртіп бұзушылық орын алған жоқ.



«Дін-тәрбиенің рухани діңгегі» теолог мамандармен кездесу

АНЫҚТАМА

14 ҚЫРКҮЙЕК 2023Ж

Мақсаты: Оқушыларға діни тәрбие бере отырып, адамгершілікке, имандылыққа, рухани тазалығын сақтауға уйрету. Мұсылман дінінің өміршеңдігін және Исламдінін насихаттау. Өз дініне деген сүйіспеншілігін, құрметпен қарауға сенімін арттыру.


Қатысушылар: Аудандық дін орталығының теолог мамандары, Бестамақ медресе колледжінің ұстаздары, 9-11 класс оқушылары



https://www.instagram.com/p/CxLEaK4IamW/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng%3D%3D&img_index=4

**«Қоғамға қызмет ет» Волонтерлік қозғалыс, қайырымдылық акциялары,
әлеуметтік бағдарланған флешмобтар мен челленджер**

Оқушылардың бойына Отансүйгіштік, адалдық жауапкершілік құндылықтарын дарыту мақсатында «Қоғамға қызмет ет» тақырыбында сынып сағаты өткізілді



<https://www.instagram.com/reel/CxyHAJwIXu1/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng%3D%3D>

А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы
сыныптап тыс шаралар

АНЫҚТАМА

05 ҚЫРКҮЙЕК 2023Ж

Мақсаты: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығы, кітаптары, ғылыми еңбектері туралы мағлұмат беру. Ақын өмірін оқушыларға үлгі ете отырып, өз елін сүйуге, оның көркеюіне үлес қосуға тәрбиелеу. Оқушылардың танымдық деңгейін дамыту. "Тіл дегеніміз – қай халықтың болмасын кешегі, бүгінгі ғана тағдыры емес, бүрсігүнгі де тағдыры" деген тағылымы ойға оралады. Тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін келбеті. Ал ұлттың болашағы – оның ана тілі. Әр ұлттың тілі – сол ұлттың бақыты мен тірегі.



https://www.instagram.com/p/CwzwERdI5Qi/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng%3D%3D&img_in dex=3



«Отбасы және мектеп» АНЫҚТАМА

08 ҚЫРКҮЙЕК 2023Ж

«Дебат қозғалысының» жетекшісі М.Еркебұланұлының ұйымдастыруымен «Отбасы және мектеп» тақырыбында дебат өткізілді. Дебат ережесіне сәйкес жақтаушы және даттаушы спикерлер сөз алып командаларын таныстырды. Дебат барысы дебат қарарынан, дефиниция, Status quo, философия, аргументтер және қорытындыдан тұрады. Позиция дебат басталуға 5 минут қалғанда анықталды. «Болашақ» тобы үкімет, «Дарын» тобы оппозиция болып анықталды. Екі топ өз позицияларына сәйкес сөз алып мектеп және отбасы туралы пікір таластырды. Нәтижесінде «Дарын» тобы жеңіске жетті.



<https://www.instagram.com/reel/Cw8Iz8ellzd/?igsh=MWc0YW4yNnN3cXMxNg%3D%3D>

Сөнге айналған мамандықтар

АНЫҚТАМА

20 ҚАЗАН 2023Ж

«Дебат қозғалысының» жетекшісі М.Еркебұланұлының ұйымдастыруымен «Сәнге айналған мамандықтар» тақырыбында дебат өткізілді. Дебат ережесіне сәйкес жақтаушы және даттаушы спикерлер сөз алып командаларын таныстырды. Дебат барысы дебат қарарынан, дефиниция, Status quo, философия, аргументтер және қорытындыдан тұрады. Позиция дебат басталуға 5 минут қалғанда анықталды. Екі топ өз позицияларына сәйкес сөз алып мектеп және отбасы туралы пікір таластырды.



https://www.instagram.com/p/CsbN1tuLFZN/?igsh=OWZueWFpOG1saWxk&img_index=4

«Ұстаз! Сіздің алдыңызда» дублер күні
АНЫҚТАМА

05 ҚАЗАН 2023Ж

Мақсаты: Өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қасиеттерін іске асыру мақсатында Ұстаздар күніне арналған «Дублер күні» мектеп білім алушылардың өзін-өзі басқару күні ұйымдастырылды. Аталған іс-шараға 10-11 сынып оқушылары қатысып, ұстаз рөлін атқарды.



<https://www.instagram.com/reel/CyAzAm2IXL4/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng%3D%3D>

«Ұлттық өнер» наурыз мерекесі

АНЫҚТАМА

18 НАУРЫЗ 2024Ж

«Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жобасының аясында үшінші тоқсан «Ұлттық өнер» көрмесі» деп аталады.

Мақсаты: жалпы білім беру мектептері мен қосымша білім беру ұйымдарында балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық әлеуетін ашу, мәдениет пен өнер арқылы әдемі әлемге баулу, ел тарихының маңыздылығы мен қатысуын арттыру, отансүйгіштікке және туған өлкеге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, мәдени мұраны сақтау.



<https://www.instagram.com/reel/CyAzAm2IXL4/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng%3D%3D>

,

«Оқуға құштар мектеп» челленджі

АНЫҚТАМА

26 Ақпан 2024Ж

Мақсаты: білім алушылардың кітап оқу мәдениетін дамыту және белсенді кітап оқуға тарту.

Челлендж өткізу барысында білім алушылардың кітап оқуға қызығушылығын, оқу сауаттылығын арттыру және талдау қабілеттерін дамыту, сонымен қатар кітап оқуға деген қызығушылықтары артып, сөйлеу мәдениеттерін қалыптастыруға да негіз болды.



<https://www.instagram.com/reel/C2xAjFYovoK/?igsh=MW1wYW5wNWl6YXN3cA%3D%3D>

«Әнұран айту» челленджі

АНЫҚТАМА

23 ҚАЗАН 2023Ж

Мақсаты: Білім алушылар арасында патриотизм мен азаматтық сезімін қалыптастыруға ықпал ету.

Міндеттері: - білім беру ұйымдарының барлық білім алушыларының ел әнұранының мәтінін жатқа айту;

- Еліміздің мемлекеттік рәміздеріне деген құрмет сезімін қалыптастыруға ықпал ету;
- Білім алушылардың бірлігі арқылы өз Отаны үшін қадір-қасиет сезімін қалыптастыру;

Қатысушылар: Мектеп ұжымы, 1-11 класс оқушылары



<https://www.instagram.com/reel/CyvnsTeoZEo/?igsh=MWZ0aWU4cmRpamFkMQ%3D%3D>


**Оқуға құштар мектеп жобасы аясында «Мен оқыған бір кітап»
тақырыбында өткізілген дөңгелек үстел
АНЫҚТАМА**

21 ҚАЗАН 2023 ЖЫЛ

Мақсаты: Білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру. Әрбір тұлғаның кітап оқу арқылы кітапқа деген сүйіспеншілігін ояту. Оқырманның кітапқа деген ерекше көзқарасын қалыптастыру.

Әрбір тұлғаның ой-өрісін кеңейтіп, білім алуға кітаптың маңыздылығын айқындау, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру. Оқыған кітаптың қызықты, мағыналы түйінін анықтау. Кітапхананың белсенді, үздік оқырмандарын анықтау

Оқушыларды білім құралы кітаптың маңызымен таныстыру. Оның алғашқы шығу тарихымен және алғашқы баспагерлермен, еліміздің баспаларымен таныстыра отырып, сөздік қорларын, тіл байлықтарын, ой-өрістерін дамыту. Оқушыларды білімділікке, адамгершілікке, кітапты бағалай білуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.



<https://www.instagram.com/reel/CzDWiONoHGV/?igsh=MWo4eXZlenh0eHB2aw%3D%3D>

**Оқуға құштар мектеп жобасы аясында «Мектеп кітапханасына
саяхат» тақырыбында 1 сынып оқушылары мектеп кітапханасына
саяхат жасады
АНЫҚТАМА**

16 қыркүйек 2023 жылы

2023 жылдың 16 қыркүйек күні 1 сынып оқушылары мектеп кітапханасына экскурсия жасады. Оқушылар өздерінің жас ерекшеліктеріне сай кітаптар, журналдармен танысты. Мектеп кітапханасының ережелерімен таныстырып өтті. Екі оқушымыз жаңадан, ең жас оқырман ретінде тіркеліп, өздеріне ұнаған ертегілерді оқуға алды.



<https://www.instagram.com/reel/CzwQQiso5fo/?igsh=MXF6cG5kYWJrY3BpbA%3D%3D>

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында өтізілген «Көркем табиғат жанашырлары» мектеп ауласына тал егу акциясы»


АНЫҚТАМА

қазан 2023 жыл

Мақсаты: Адам — табиғаттың ажырамас бөлігі. Табиғат пен адам қатар ұғым. Адамсыз табиғат, табиғатсыз адам өмір сүруі мүмкін емес. Адам табиғатты қасиет тұтуы керек. Табиғат тіршіліктің құт — берекесі. Табиғатты қорғау міндетіміз.

Біз табиғаттағы әрбір жайқалып тұрған ағашқа қамқорлық танытуымыз қажет. «Бір тал кессең, он тал ек», «Жер құтты болса, мал сүтті болады» 9, 11 сынып оқушылары мектеп ауласына тал, гүл отырғызып, шыбын-шіркей, құрт құмырсқалардан арылту мақсатында заласыздандырды.

Қатысқандар: 9, 11 сынып оқушылары




<https://www.instagram.com/reel/Cyk6bZAog-u/?igsh=CHBoYnNiZTJ4NGVu>

**«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында өтізілген «Жанашыр жүрек»
акциясы
АНЫҚТАМА**

қазан 2023 жыл

Ата-бабадан жалғасып келе жатқан қазақ халқының өнегелі қасиетінің бірі – қариясын құрметтеу. «Қарты бар үйдің қазынасы бар» деп бекер айтылмаса керек. Қазақ халқы қашанда қариясына ізет пен құрмет көрсеткен. Дей тұрғанмен, кейбір қарияларымыздың сый-құрметке бөленбей, үй шаруасын жалғыз өзі атқарып жүргені қынжылтады. Қазан айының бірінші жұлдызы – Қарттар күні. Қарт десе, әркімнің көз алдына ақ жаулықты әже мен ақсақал қария елестері анық.

Акцияның басты мақсаты – көмекке мұқтаж ата-әжелеріміздің үй шаруасындағы жұмыстарына көмектесу. Үлкен буынға құрмет-халықтың мәдениеті мен тәрбиесінің бейнесі. “Мейірімді жүрек” қайырымдылық акциясының негізгі мақсаты – жас ұрпақтың бойында адамгершілік қасиеттер мен мейірімділікке, жанашырлыққа, көмекке келуге, қарт адамдарға құрмет көрсетуге тәрбиелеу



<https://www.instagram.com/reel/CxyHAJwIXu1/?igsh=MXIwbGgxd3ZucWZ0Ng%3D%3D>

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында өтізілген «Жақсылық алмасы» акциясы

АНЫҚТАМА

қыркүйек 2023 жыл

Қайырымдылыққа, жанашырлыққа, шынайылыққа тек басқа адамдардың сөздерінде немесе мысалдарының негізінде тәрбиелеу мүмкін емес. **«Қамқор қолдар, мейірімді жүректер»** қайырымдылық акциясы тек көмек алушылар үшін ғана емес, сонымен қатар көмек көрсететіндер үшін де маңызды. Бұл қиын уақытта жылы қарым-қатынас пен назарды қажет ететін адамдарды ұмытуға болмайды.



<https://www.instagram.com/reel/Cxu4Bf1l0Oo/?igsh=eHRqMnc2MnJndGYy>

«Қауіпсіз интернет» АНЫҚТАМА

25 ҚЫРКҮЙЕК 2023Ж

Мақсаты: Бүкіләлемдік өрмек – интернетке байланысты оқушылардың білімдерін нығайту, тиянақтау. Оқушылардың интернет туралы толық ой қалыптастыру, оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, шығармашылыққа баулу, пәнге қызығушылығын арттыру.

Әдісі: сұрақ – жауап /ситуация туғызу, шешу жолын айту, нақты дәлелдер келтіру/

Көрнекілігі: тақырыпқа байланысты дидактикалық материалдар, мультимедиа.



<https://www.instagram.com/reel/Cw8lz8ellzd/?igsh=MWc0YW4yNnN3cXNxNg%3D%3D>

**«Ғаламтордың пайдасы мен зияны»
АНЫҚТАМА**

16 қазан 2023Ж

Мақсаты: Бүкіләлемдік өрмек – интернетке байланысты ақпарат жинақтау, қорытындылау. Оқушыларға интернеттің пайдасы мен зияны жайлы айту, зиянды ойындардан, бұрыс жақтарынан сақтау. Оқушылардың интернет туралы толық ой қалыптастыру.



https://www.instagram.com/reel/C2HRr_4oeiy/?igsh=MjgycmdpaXJudmgw

Әлеуметтік желідегі алаяқтықтан сақтан АНЫҚТАМА

20 қаңтар 2023Ж

Оқушыларға әлеуметтік желіні қолдану кезіндегі адамға кері әсерлері жайында түсіндірілді.Бейнероликтер көрсету арқылы ой тасталды.

Оқушылар топтаса отырып,қазіргі кезде әлеуметтік желінің пайдалы және зиянды тұстарын ажыратып,оны қолдану кезіндегі адам өміріне қауіпті тұстарын өздері айтып,көрсете білді.Мұндай сабақтар оқушыны желіні қолдану кезінде абай болуға,зиянды әдеттен,қауіптен аулақ болуға үйретеді.



<https://www.instagram.com/p/C2PoJ7RIvL4/?igsh=YWN2dmR2azVoemxr>

«Асық ату» челленджі

АНЫҚТАМА

17 ҚАРАША 2023Ж

Мақсаты: Білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, ұлттық ойындарды насихаттау.

Міндеттері: - қазақ халқының ұлттық ойындарын жаңғырту және насихаттау;

- Қазақ халқының ұлттық құндылықтарын қастерлеу;
- Оқушыларды асық ойынына баулу:

Қатысушылар: Мектеп ұжымы, ата-аналар, 1-11 класс оқушылары



<https://www.instagram.com/reel/CzwQQiso5fo/?igsh=MXF6cG5kYWJrY3BpbA%3D%3D>

<https://www.youtube.com/watch?v=ORj4FR64V9Q>

«Шығарма жазу: болашаққа хат» челленджі

АНЫҚТАМА

28 ЖЕЛТОҚСАН 2023Ж

Мақсаты: Білім алушыларға өзінің жеткен жетістіктерін, алға қойған жоспарлары мен болашағы туралы шығарма жазу

Міндеттері: - Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту;

- Өз ойларын қағаз бетіне жүйелі жазып жеткізу дағдыларын жетілдіру;
- Білім алушылардың өзін-өзі дамыту және сыни ойлау дағдыларын жетілдіру;

Қатысушылар: 1-11 класс оқушылары



**«Төрт тоқсан – төрт өнер» жобасы аясында өтізілген «Ақындар айтысы»
Республика күнін мерекелеу қарсаңында
АНЫҚТАМА**


19 ҚАЗАН 2023Ж

Мақсаты: Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, ұлттық бірегейлік, әлеуметтік құзыреттілік, білім алушыларды өз халқының мәдени дәстүрлеріне, көпұлтты мемлекет жағдайында жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу

Міндеттері: - Өз Отанына деген мақтаныш сезімін, қазақ халқының тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін құрметтеруге тәрбиелеу;

- Қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын, оны одан әрі байытуын сақтау және дамыту;
- Халық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын түсіну негізінде білім алушыларды толеранттылыққа тәрбиелеу;
- Қазақ халқы мәдени дәстүрлерінің сабақтастығын сақтау;

Қатысушылар: 5-11 класс оқушылары



<https://www.instagram.com/reel/CylGtr6lPhY/?igsh=MWN5ZnZ5Zng5aTBzbw%3D%3D>

**«Төрт тоқсан – төрт өнер» жобасы аясында өтізілген «Ақындар айтысы»
Республика күнін мерекелеу қарсаңында
АНЫҚТАМА**

19 ҚАЗАН 2023Ж

Мақсаты: Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, ұлттық бірегейлік, әлеуметтік құзыреттілік, білім алушыларды өз халқының мәдени дәстүрлеріне, көпұлтты мемлекет жағдайында жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу

Міндеттері: - Өз Отанына деген мақтаныш сезімін, қазақ халқының тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін құрметтеруге тәрбиелеу;

- Қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын, оны одан әрі байытуын сақтау және дамыту;
- Халық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын түсіну негізінде білім алушыларды толеранттылыққа тәрбиелеу;
- Қазақ халқы мәдени дәстүрлерінің сабақтастығын сақтау;

Қатысушылар: 5-11 класс оқушылары



<https://www.instagram.com/reel/CzwQQiso5fo/?igsh=MXF6cG5kYWJrY3BpbA%3D%3D>

<https://www.youtube.com/watch?v=ORj4FR64V9Q>

**Оқуға құштар мектеп жобасы аясында «Лаула, лаула, желтоқсанның мұзға
жаққан алауы» тақырыбында өткізілген дөңгелек үстел
14 ЖЕЛТОҚСАН 2023Ж**

2023-2024 оқу жылы 14 желтоқсанда В.И.Пацаев атындағы №2 Алға орта мектебінің кітапханасында «Лаула, лаула, желтоқсанның мұзға жаққан алауы» тақырыбында 7«б» сыныбы мен аудандық мұражаймен бірлескен танымдық сағаты өтті.

Мақсаты: оқушыларға 1986 жылғы көтерілістің болуы, жастардың көтеріліске шығу себептері, олардың алдына қойған мақсаты жайлы түсінік берілді.

Оқушылар тәуелсіздік туралы өлеңдер оқып, тәуелсіздік құрбандары туралы бейнероликтер тамашалады. Мұражай қызметкерлері мұражайда сақтаулы құнды заттармен таныстырып, шолу жасады.

«Азаттық, Теңдік, Тәуелсіздік. Осы бір үш ұғымның салтанат құруы үшін кімдер бас тікпеді, кімдер құрбан болмады? Бұл оқиғаның алғашқы құрбандары Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Сәбира Мұхамеджанқызы, Ербол Сыпатаевтарды еске алып, олардың рухына тағзым ету парызымыз. 1986 жылдың желтоқсаны бүкіл ұлтымыздың жанын жаралап, жүрегіне ызғар шашып кетті, бостандық үшін өрімдей жап - жас қыз жігіттер құрбан болды. Біз әрдайым Қайраттың от жүрек үніне, қыздардың намысын қорғаған ерлігіне, күнәсіз күйіп кеткен келбетіне бас иеміз» деп 1 минут үнсіздік жарияланды.



<https://www.instagram.com/reel/C0gQdNcla1S/?igsh=Z21jenNuMTZ2NmJv>

**Оқуға құштар мектеп жобасы аясында «Кітап – білім бұлағы»
тақырыбында өткізілген сынып сағаты
АНЫҚТАМА**

10 ҚАРАША 2023Ж

Мектеп кітапханасында «Оқуға құштар мектеп » жобасы аясында 3ші сынып мұғалімімен және оқушыларымен бірлесіп «Кітап – білім бұлағы» атты класс сағаты өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларды кітап қашан, қалай пайда болғанын, ол неден жасалғанын тарихымен таныстырылды. Сонымен қатар кітапханадағы жыртылған кітаптарды емдеу арқылы оқушыларды оқулықтарды ұқыпты ұстауға үйретті. Шараның соңғы кезеңінде мектеп кітапханасына келген жаңа әдеби кітаптармен библиографиялық шолу арқылы кітапханашы таныстырып шығып оқушыларға ұсынды.Қорытынды кезеңінде оқушылар өздерінің пікірлерін стикерге жазып тақтаға ілді.

Қатысушылар: 3 сынып (20 оқушы қатысты.)



<https://www.instagram.com/reel/CzDWiONoHGV/?igsh=MWo4eXZlenh0eHB2aw%3D%3D>

**Оқуға құштар мектеп жобасы аясында «Кітап – білім бұлағы»
тақырыбында өткізілген дөңгелек үстел
АНЫҚТАМА**

5 ЖЕЛТОҚСАН 2023 ЖЫЛ

2023-2024 оқу жылы желтоқсан айында кітапханамызда ақын, этнограф, фольклорист Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының туғанына 165 жыл толуына байланысты «Мәшһүр Жүсіп дүниетанымы» тақырыбында 8 «Ә» сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты: Халқымыздың атақты ақыны, ғұлама оқымыстысы Мәшһүр Жүсіптің көп қырлы талант иесі екені елге мәлім. Қаршадайынан оқыған, оқып қана қоймай, көңіліне мол дүние тоқыған білімдар адам. Ақынның «Миғраж», «Хаятбақшы», «Қорқыт», «Гулшат-Шеризат» деп аталатын дастандарын, публицистикалық, этнографиялық еңбектерін, халық ауыз әдебиетін жинаудағы қыруар жұмысы туралы мәліметтер берілді.

Дөңгелек үстел әңгімемізде оның өнері жайында сөз қозғалып, оның ауыз әдебиетінен еліміздің барлық өткен-кеткен жағдайын, тұрмысын, салт-санасын, бай дәстүрін қилы-қилы тағдырын байқай білуге болатындығы жайында айтылды.



<https://www.instagram.com/reel/C0gQdNcla1S/?igsh=Z21jenNuMTZ2NmJv>

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында өтізілген ««Жылы жүрек – жомарт қол» аспаздық ізденістер қайырымдылық жәрмеңкесі»

АНЫҚТАМА

қазан 2023 жыл

Мақсаты: Оқушыларға қазақтың жақсы қасиеттерінің асылы — жомарттық, кең пейілділік екенін түсіндіру. Жомарт болу — өзінде барды зәру адаммен шын жүректен бөлісу, ол адамға қызмет қылып, жақсылық жасауға пейілді жанға тән сипат екен ұғындыру.

Қатысушылар: 5-8 сынып оқушылары



<https://www.instagram.com/reel/CyyCf6yoKui/?igsh=a3VsZzliOTd0cmZi>